

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының Хлебодар ауылдық округін Сарыжар ауылдық округі және Хлебодаровка ауылын Сарыжар ауылы деп қайта атау туралы

Бірлескен Ақтөбе облыстық мәслихатының 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 261 шешімі және Ақтөбе облысының әкімдігінің 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 440 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 желтоқсанда № 4123 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 және 27-баптарына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына, «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 қаулысына, облыстық ономастика комиссиясының 2014 жылғы 18 қарашадағы қорытындысына, Мәртөк ауданы мәслихатының және әкімдігінің ұсыныстарына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының Хлебодар ауылдық округі Сарыжар ауылдық округі, Хлебодаровка ауылы Сарыжар ауылы деп қайта аталсын.
2. Осы әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Қ.Нұрқатоваға жүктелсін.
3. Осы әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі	А.	МҰХАМБЕТОВ
Облыстық мәслихаттың хатшысы	С.	ҚАЛДЫҒҰЛОВА
Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы		М. ИТЕҒҰЛОВ